

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**  
**«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК**  
**2022 жылғы 15 ақпан 23 ақпан аралығында**  
**уақытша (негізгі қызметкердің демалыс мерзіміне)**  
**оқу бөлімінің меңгерушісі бос лауазымына**  
**конкурс жариялайды.**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау 2022 жылғы 24 ақпанға дейін жүргізіледі.

**Уақытша бос лауазымның атауы: Оқу бөлімінің меңгерушісі**

**Лауазымдық міндеттері:** Педагогтік ұжым қызметінің ағымдағы және болашақтағы жоспарлауын ұйымдастырады.

Оқытушылардың, тәрбиешілердің, өндірістік оқыту шеберлерінің және басқа да педагог жұмыскерлердің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындау жөнінде жұмысын.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің орындалуын, білім беру ұйымының сабақ кестесін жасау үшін материалдардың дайындалуын және олардың орындалуының бақылауын жүзеге асырады.

Оқыту процесінің сапасын бақылауды және білім алушылардың білім алу даярлығының нәтижесін бағалаудың ақиқаттығын жүзеге асырады.

Педагог жұмыскерлерге инновациялық бағдарламалар мен технологияларды зерделеу және әзірлеуге көмек көрсетеді.

Педагогикалық (әдістемелік) кеңесте қарастыру үшін материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді.

Кәсіптік бағдарлау жұмыстарын өткізуге қатысады, білім алушылар контингентін сақтау жөнінде шаралар қолданады.

Оқу-материалдық базаларды нығайту бойынша, оқу кабинеттерін қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жарақтау бойынша шаралар қолданады.

Шеберханаларда және кәсіптік зертханаларда санитариялық-гигиена режимдерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін ұйымдастырады.

Жабдықтар мен мүкамалдардың сақталуын, санитарлық-гигиеналық талаптардың, еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Оқытушылардың есептілікті уақытында жасауын, қолданыстағы нормаларға сәйкес құжаттамаларды жүргізуді қамтамасыз етеді.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім тиісті бейіні бойынша білім беру ұйымдарында жұмыс өтілі талап етілмейді.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 1 жыл, педагог-сарапшы

үшін кемінде 2 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 3 жыл. педагог-шебер үшін - 4 жыл.

**Еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары:** Мерзімдік еңбек шарты негізінде екі айлық сынақ мерзімі тағайындалуы тәртібімен, орташа лауазымдық айлықақы 100 000 мың теңгеден басталады,

**Уақытша бос лауазымға кандидатпен әңгімелесудің тақырыптық бағыттары:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілері;

дидактика принциптерін, педагогика және жастық психология негіздерін,

басқарудың инновациялық әдістері,

әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, баспалармен жұмыстың негіздері,

оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен тәртіптері;

еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормалары.